

**Сот шешімімен Павлодар қаласының
коммуналдық меншігіне түскен болып танылған
иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын
бекіту туралы**

Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2018 жылғы 29 наурыздағы № 239/34 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 12 сәуірде № 5947 болып тіркелді

ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі,
17.04.2018 ж.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1-бабының 3) тармақшасына сәйкес, Павлодар қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған сот шешімімен Павлодар қаласының коммуналдық меншігіне түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Павлодар қалалық мәслихатының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының сұрақтары бойынша тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы С. Айтқазина

Қалалық

мәслихаттың хатшысы З. Мұқашева

Павлодар
қалалық
мәслихатының
2018
жылғы 29
наурыздағы
№ 239/34
шешімімен
бекітілді

**Сот шешімімен Павлодар қаласының коммуналдық меншігіне
түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару
қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Сот шешімімен Павлодар қаласының коммуналдық меншігіне түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 20-1-бабы 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды (бұдан әрі – қалдықтар) басқару тәртібін айқындайды.

2. Қалдықтарды коммуналдық меншікке беру сот шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

3. Қалдықтарды басқару – бұл қалдықтарды бағалау, есепке алу, одан әрі пайдалану, сату, кәдеге жарату және жою бойынша қызмет.

4. Иесіз қалдықтарды басқару "Павлодар қаласы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесімен жүзеге асырылады (бұдан әрі – Бөлім).

5. Қалдықтарды басқару мақсатында жергілікті атқарушы орган мүдделі мемлекеттік органдарының өкілдерінен және депутаттардан комиссия құрады (бұдан әрі – Комиссия).

2-тарау. Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару тәртібі

6. Қалдықтарды есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысымен бекітілген жекелеген негіздер бойынша "Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрінің мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидалары", 2007 жылғы 31 мамырдағы № 169-ө бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 2 шілдеде № 4775 тіркелген) қалдықтар Сыныптамасына сәйкес атқарылады.

7. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес жергілікті бюджет қаражаты есебінен Комиссияның ұсыныстарымен талап етілмеген қалдықтарды қауіпсіз кәдеге жарату және жою бойынша жұмыстарды ұйымдастыру Бөліммен жүзеге асырады.

8. Қалдықтарды кәдеге жарату және жою бойынша көрсетілетін қызметтерді жеткізушіні таңдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы

заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Қалдықтар сатылғаннан, кәдеге жаратылғаннан, жойылғаннан кейін қалдықтардың орналасқан аумақтарын қалпына келтіру Қазақстан Республикасының жер заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

3-тарау. Қорытынды ережелер

10. Қалдықтармен жұмыс істеу барысында Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген талаптар сақталады.